

«Бекітемін»  
Мектеп директоры  
Жақия М.М.



## «Балдаурен» жазғы мектеп алаңының ішкі тәртіп ережесі

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Бұл ережелер мектеп алды алаңында қатысушы барлық оқушылар мен қызметкерлер үшін міндетті.
- 1.2. мектеп алды алаңында қауіпсіздік, тәртіп, өзара сыйластық пен жағымды психологиялық ахуал басты қағида болып табылады.
- 1.3. Әр қатысушы мектеп алды алаңында күн тәртібі мен тәрбие бағдарламасына сәйкес әрекет етуге міндетті.

### 2. Күн тәртібі

- 2.1. Таңғы жаттығу – 9:15-9:30
- 2.2. Танымдық, шығармашылық және спорттық іс-шаралар – 9:30–12:00
- 2.3. Түскі ас – 12:00
- 2.4. Ойын-сауық және демалыс уақыты – 12:30–13:00
- 2.5. Қорытынды жиын және үйлеріне тарау – 13:00-14:00

### 3. Міндеттер мен жауапкершілік

Оқушылар міндетті:

- мектеп алды алаңының тәртібін сақтау;
- Тәрбиешілердің нұсқауларын орындау;
- Құрдастарымен сыпайы, достық қарым-қатынаста болу;
- мектеп алды алаңында мүлікке ұқыпты қарау;
- Қауіпсіздік техникасын сақтау.

#### **Тыйым салынады:**

- Дөрекі сөйлеу, төбелесу, мазақ ету;
- Ұялы телефон мен гаджеттерді сабақ пен іс-шара кезінде қолдану (тәрбиеші рұқсатынсыз);
- Бөтен адамның затын рұқсатсыз алу;
- Тыйым салынған заттарды (өткір заттар, оттық, т.б.) алып келу.

### 4. Қауіпсіздік шаралары

- 4.1. Балалар тек мектеп алды алаңында тәрбиешісінің қадағалауымен қозғалады.
- 4.2. Мектеп алаңынан өз бетімен шығуға қатаң тыйым салынады.
- 4.3. Жарақат не төтенше жағдай кезінде тәрбиешіге немесе медбикеге дереу хабарлау керек.

### 5. Марапат пен тәртіптік шаралар

- 5.1. Үлгілі тәртіп, белсенділік, шығармашылық жетістік үшін мақтау қағаздары мен сыйлықтар беріледі.
- 5.2. Тәртіп бұзған балаларға ескерту жасалады, қайталанған жағдайда ата-анасы шақыртылып, мектеп алды алаңынан шығарылады.